

K. K. КУРКЕБАЕВ

СӨЗ СЕМАНТИКАСЫ МЕН КОГНИТИВТІК АҚПАРАТТЫҚ АРАҚАТАНЫСЫ

Бұғандегі жер бетіндегі ру, тайпа, этнос, ұлт, халық, мемлекет сияқты іргелі ұғымдар өз болмысын айқындау үшін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» және «тіл – мәдениест – ойлау» сияқты үштағандарапа иек артып, ұлттық дүниетанымның, ұлттық рухтың, ұлттық ерекшеліктің нөзік те күрделі табиғатын танып білуге дәстүрге айналған құрылымдық-жүйелік статистикалық парадигмадан ғері, кешенді түрде бағытталған когнитология мен антропоцентристік үрдістегі когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, психолингвистикалық, этнолингвистикалық, коммуникациялық зерттеулердің маңызы артып келе жатқаны бұлтартпас шындық.

Біз осы тұрғыдан когнитивтік тіл біліміне келетін болсақ, ол когнитивизм ғылымынан бастау алады. Когнитивизм бұл адамның ақыл-ойы мен санасын, ойлау қабылетін, ментальды әрекеттерін және олардың әмбебап ақпараттағы көріністерін қарастыруды нысан етеді.

Когнитивизмнің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция. Оған адамның ментальдық репрезентациясын (ішкі танымын), білімінің негізін қалыптастырған символдармен стратегиялық танбаларды айқындауы керек. Демек адамның когнитивтік әлемі мен өмірден көрген-білген өмірлік тәжірибесі арқылы жүзеге асады. Адамзаттың мұндай әрекетін айқындаңдау тәжірибелі оның тілі болмақ, себебі, тіл – адамның қабылданған ақпараттың өндеп санада бейнелейтін негізгі құрал [1, 56].

Когнитивтің бұғандегі таңда меже тұтатын мәселесі – тіл мен таным сабактастыры. Тілдің субъективті логикалық сапасының езі объективті дүниені танып білуші, оны тілдік тұлға (сөз, сөз тіркесі, сөйлем формалары) арқылы санада танбалашы, оның репрезентациясын (ішкі формаларын) көрсетуші, белгілі бір кезеңдегі, уақыттағы адамдар қауымдастырының шынайы өмір тәжірибесінен алынған танымдық кешендерінің қабылдаушысы ретінде дәйектеліп жүргені белгілі.

Қазіргі тіл білімінде антропоцентристік парадигмамен сабактағы когнитивтік үрдістегі зерттеу принциптерін басшылыққа ұстай отырып, белгілі бір тілдегі қандай да бір сөздің мән-мағынасын құрайтын семантикалық ұшбұрыш теориясының негізін құрайтын зат – ұғым – танба үштігіне негізделетін, денотаттық, сигнifikаттық, коннотациялық

компоненттері бар семантика патшалығымен ғана шектелмей, кешенді когнитивтік ақпараттық модельдер мен үлгілерді сабактастыра қарастырып отырудың маңыздылығы артып келеді. Дегенмен, адам санасында танылып қалыптасқан объективті шындықтың немесе ұғымның жарыққа шығуы негізінен тілдік құралдар мен бірліктер қатарынан маңызды орын алатын семантикалық процестер арқылы жүзеге асатынын когнитивті ақпараттар да сөзсіз мойындейдьы. Демек, семантикалық процестер мен категориялар когнитивтік қабылдау мен корытындылаудың, жинақтау мен талдаулардың, жүйелу мен салыстырулардың әртекtes және біртекtes қатынастарын белгілі дәрежеде бейнелей отырып, тіл негіздеріне сүйене отырып, тілден бастау алады. Эйтсе де, бұғандегі зерттеу бағыттарында дүниетанымдық (когнитивтік) тіл білімі орасан зор тілдік материалдардың қамти отырып, күллі жинақталған білім корын сараптап талдауға, тілдік аясынан шыға отырып, тілден тыскары да адам санасында қатталған ментальдық факторлар мен ақпараттарды өндеге ат салысады.

Бұл жөнінде соңғы жылдары когнитив мәселесімен өнімді де дәйекті шүғылданып келе жатқан зерттеуші ғалым Е. С. Кубрякованың төмендегі пікірін де ескерген жөн: «Лингвист должен строить предположение не только о том, какая система собственно лингвистических форм стоит за речевымислительной деятельностью, ... но и о том, как языковые выражения, категории, единицы, связанны с восприятием мира и как они отражают его познание» [2, 37].

Мәселең, ұлттық санамызда біршама тұракталған, тілімізде қалыптасқан өзіндік семантикасы бар «Ерек тоқты құрбандық» макалының астарынан ұжымдық қауымның жинақталған білім корының төл мендегідей ментальдық танымдық ақпараттарын аңғаруымызға болады.

Ежелгі миғтік сана бойынша ел-жүрт қандай да бір ауыртпалыққа ұшырағанда, күйзеліске түскенде содан арылу, алыстау мақсатында жоғарғы күш иесінен тілек тілеп, ниет етіп, құрбандық шалатын болған.

Құрбандық шалу – құдайға, жаратушы аллаға, ата-баба аруактарына бағыштап мал сойып, иіс шығару. Бұл дәстүрде еңбектеген баладан еңкей-

ген көріге дейін жиналып жақсы тілек тілеп құдайға, жаратушы Аллаға, ата-баба аруақтарына құлшылық жасаған когнитивтік акпараттарды саралауымызға болады. Ұлт танымынан құллі қындықтар мен ауыртпашилық осы сойылған тоқтының жанымен кетсін дегенде қосымша акпараттық түсініктер бар. Мұнымен қосы, когнитивтік акпараттың таным шенберінің ауқымдылығынан сөз семантикасының дамуын да байқауымызға болады. «Ерек тоқты құрбандық» мақалының бүгінгі тілдік түсініктемесінде елін, жерін, халқын сыртқы күштерден қорғау мақсатында өз жанын пида еткен ер-азаттар мен жас қыршындарға байланысты қолданылатынын білеміз.

Жоғарыдағы түсініктемелерден кейін бұл «Ерек тоқты құрбандық» мақаланың өзі алғашқыда шынайы өмір тәжірибесінде қолдана отырып, тұра мағыналық сапаға ие болып, қандай да бір этнографиялық этюдтен (өмірде болған оқиға) акпарат беріп, танымның дамуы мен күрделену нәтижесінде ауыспалы мәнге ие болғанын байқаймыз.

Яғни бұдан когнитивтік акпараттың уақыт факторымен бірге ұжымдық санада унемі дамып жаңа мәнге, жаңа мағынаға, жаңа коммуникативтік прагматикаға, мән-мәтіндік қолданысқа өз әсері мен ықпалын тигізіп отыратынын анғаруымызға болады.

Сонымен қорыта айтқанда, рухани мәдени лексикамызды құрайтын кез келген сөзді, сөз тіркесін, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді, ырым-

жоралғылар мен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жалаң тілдік мәліметтер негізінде ғана қарастыру жеткіліксіз болып саналады, өйткені бұл ұжымдық құндылықтардың астарында сол ұлттың ұжымдық санасы, дұниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік шаруашылығы, өмір тәжірибесі, рухани және материалдық мәдениесті мен моралі, этикасы мен эстетикасының баға жетпес асыл қазыналары мен когнитивтік акпараттар тасқыны мол екенін танымыз.

Ұлттық мәдени құндылықтардың кайнар бұлағы мен бастау көзін аршып қоғам мұддесіне жарату, заман талабына сай өміршендейдігін дамыту мен көтөруден бүгінгі когнитивтік зерттеу бағытының басты бағымдық ерекшеліктерінің бірі екенін ғалымдар үнемі тілге тиек етіп келеді.

ЭДЕБИЕТ

1. Маслов А. Л. Когнитивная лингвистика. М., 2003.
2. Кубрякова Е. С., Демьянков В. З. Краткий словарь когнитивных терминов. М., 1996. С. 90–93.